

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы  
негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған шығармашылық білім  
беру дағдысы бойынша сурет салу және мүсіндеуден  
ұйымдастырылған  
іс-әрекетінің ЦИКЛОГРАММАСЫ  
«Балақан» «Ақ қанат» ортаңғы топтары**

Топ :«Балақан», «Ақ қанат» ортаңғы тобы

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлім : Сурет салу

№	Тақырып	Міндеті:
1	«Түрлі түсті доптар»	Балаларға қағаз бетіне түрлі түсті қарындашпен (фломастер) көлемі әртүрлі дөңгелектер, доптар салуды үйрету; дөңгелектерді түзу сызықтар, нүктелермен безендіру амалдарымен таныстыру; доппен ойналатын ойындар туралы түсініктерін кеңейту. Көлемі әртүрлі доптарды бір-біріне араластырмай қағаз бетіне орналастыру, қағаз бетін бағдарлау қабілеттерін қалыптастыру; көзбен мөлшерлеу қабілетін, қарындашты үш саусақпен ұстау, сызықты бір нүктеден айналдыра жүргізіп, қайта сол нүктеге тоқтау арқылы дөңгелек пішінді заттарды салу техникасын игерту; қолдың ұсақ моторикасын, түстер мен пішінді қабылдау, зейін мен елестету қабілетін дамыту. Балалардың сурет салу іс-әрекетіне сүйіспеншілігін қалыптастыру, зеректікке, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
2	«Жаңбырда өскен саңырауқұлақ»	Балаларға саңырауқұлақты және жауып тұрған жаңбыр тамшыларын қарындашпен салуды үйрету; композиция жөнінде түсінік беру; саңырауқұлақтың жаңбырдан кейін өте көп және жылдам өсетіні туралы ұғымдар қалыптастыру. Қарындашпен қысқа, үзік сызықтарды бір бағытта жоғарыдан төмен салу техникасын жаттықтыру; саңырауқұлақ бейнесін екі сопақшаны бір-біріне тигізіп салуға дағдыландыру; саңырауқұлақ пен жаңбырды бір композицияға біріктіргенде қағаз бетін бағдарлау қабілеттерін жетілдіру; ақыл-ой, қабылдау мүмкіндіктерін арттыру. Балалардың табиғат құбылыстарын бейнелеуге қызығушылықтарын қалыптастыру, байқампаздыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.
3	«Саябаққа күз келді»	Балаларға қылқалам арқылы ағаштарда өскен және ағаштардан жерге түсіп жатқан сары жапырақтарды салуды үйрету; күз мезгілі туралы, жапырақтардың сарғайып, түсетіні туралы түсініктерін кеңейту. Қылқаламның ұшын сары бояуға малып, сұлбасы алдын ала салынған ағаш бұталарына, жерге жақпалар қалдырып отыруға жаттықтыру, жақпалау техникасын жетілдіру; қылқаламның ұшында бояудың біткенін байқап отыру қабілеттерін дамыту; төгілмеуіш пен тіреушені қолдану техникасын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, түстерді ажырату, қағаз бетін бағдарлау қабілеттерін дамыту. Балалардың түстер туралы эстетикалық талғамдарын қалыптастыру; ұқыптылық пен шыдамдылыққа, достыққа тәрбиелеу.
4	«Сәбіз»	Балаларға қағаз бетінің ортасына қызыл сары түсті, сопақша пішінді сәбіздің суретін қылқаламмен салып бояуды үйрету; күз сыйы туралы ұғымдарды дамыту. Қылқаламды үш саусақпен ұстау, түгін бояуға малу, бір нүктеден қағаз бетінің бойымен тігінен доғалы

		сызық жүргізіп, оны астыға қарай қайта айналдырып, алғашқы нүктеге жеткізуді үйрету, салынып қойған сопақша пішінін қылқалам арқылы қызыл сары бояуға бояу техникасын қалыптастыру; төгілмеуіш пен тіреушені қолдану дағдыларын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейінін, елестету қабілетін дамыту. Балаларды адам еңбегін қадірлеуді, ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.
5	«Тандыр нан»	Балаларға дөңгелек пішінді тандыр нанның бетін (суретін) шақпақтар мен дөңгелектер сияқты ою элементтері арқылы безендіру тәртібін үйрету; тандыр пісіретін пешпен таныстырып, нан өнімдері туралы білімдерін толықтыру. Фломастерді үш саусақпен ұстап, алдын ала салынған шағын дөңгелек пішіннің ішін тік және көлденең сызықтармен шақпаққа бөліп, дөңгелектің сыртын ұсақ дөңгелектер арқылы безендіру техникасын жаттықтыру; элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, пішін мен түстерді қабылдау, зейін мен елестету қабілетін дамыту; суретті әртүрлі элементтермен безендіруге қызығушылықтарын қалыптастыру; байқампаздыққа, ептілікке, адам еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.
6	«Апельсиндер»	Балаларға қызыл сары түсті дөңгелек пішінді апельсиндерді тіктөртбұрышты пішінге қатарластырып қаламмен салуды үйрету; мақта таяқшаларымен соққылау арқылы салынған шеңбер ішін бояуға толтыруды машықтау; жемістер туралы түсініктерін жетілдіру. Қылқаламды бояуға малып, тіктөртбұрыштың ішіне солдан оңға қарай бір қатарға көлемі біркелкі дөңгелектерді салу техникасын қалыптастыру; пішінді бояу техникасының негіздерін мақта таяқшаларын қолдану арқылы салу; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейіннің тұрақтылығын дамыту. Балаларды ептілікке, еңбекқорлыққа, адам еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.
7	«Бағдаршам»	Балаларға тіктөртбұрыш пішінінің ішіне бағдаршам түстерін құрайтын үш түсті дөңгелектерді фломастермен салуды үйрету; бағдаршам туралы мәлімет беру, жол қауіпсіздігінің негізгі ережесін үйрету. Фломастермен кез келген түсті дөңгелек салынғаннан кейін, дөңгелекті шетінен ортасына қарай айналдырып бояу техникасын қалыптастыру; бояуларды ретімен қолдана білу қабілетін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, пішін мен түстерді көзбен көру арқылы қабылдауды, зейін мен елестету қабілетін дамыту. Балалардың қоршаған әлемнің заңдылықтарына қызығушылықты дамыту, байқампаздыққа, бейнелеу іс-әрекетіне сүйіспеншілікті тәрбиелеу.
8	«Қонжық»	Балаларға қоңыр қарындашпен қонжықтың суретін салуды үйрету. Қонжықтың суретінде көлемі екі түрлі дөңгелекті бір-біріне іргелестіріп қойып, дене мүшелерін қосалқы детальдармен толықтырып салу дағдысын меңгерту; қонжықтың жабайы табиғаттағы тіршілік ету ерекшеліктері туралы түсініктерін толықтыру. Көлемді екі дөңгелекті қарындашпен қосып, дене мүшелерімен толықтырып,

		қонжық бейнесін салу техникасын қалыптастыру; қонжықтың сұлбасын қоңыр бояуға малынған сорғышпен жақпалау әдісін жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу, зейінін дамыту; сурет салудың аралас техникасын ұштастыру негіздерін қалыптастыру. Балаларды жануарларға қамқорлық танытуға, сезімталдық пен әдептілікке тәрбиелеу.
9	«Шыршалар қарға оранды»	Балаларға жасыл шыршаның суретін жасыл бормен, оның үстіне жауған ақ қарды қылқаламмен алынған ақ гуашьпен салуды үйрету; қағаз бетінің әр жеріне ақ қардың суретін салдыру, қыс мезгіліне тән табиғи құбылыстар туралы жалпы сюжет құруды үйрету; қыс мезгілі туралы түсініктерін дамыту. Тігінен тұрған сызыққа қиғаш сызықтарды кезегімен қосып, шырша бейнесін салу техникасын жетілдіру; шырша бұталарына, шыршаның түбіне ақ гуашь бояуына малынған қылқаламмен жақпалап салу техникасын жетілдіру; қардың жапалақтап жауғанын бейнелеу үшін қазаға қылқаламның ұшымен нүктелер қойып, қағаз бетін бағдарлау қабілетін дамыту; қолдың ұсақ моторикасын, қиялын, ой-өрісін дамыту. Балаларды өздері салған суреттерінен жағымды әсер алуға, эстетикалық талғам негіздерін қалыптастыруға; қыс құбылыстарын қызығушылықпен қабылдауға тәрбиелеу.
10	«Шырша бұтасына ілінген шар»	Балаларға сызбалы түрде алдын ала салынған шырша (қылқансыз/инесіз) бұтағының және дөңгелектің (шыршаға ілінетін шар) сұлбасын үстінен фломастермен басып, суретті жасыл инелер және қызыл түсті шар элементтерімен толықтыруды, суреттегі екі объектіні тұтас сюжет түрінде қабылдауды үйрету; мереке күндері айналаны безендіру туралы негізгі түсінік беру. Шырша бұтағының екі жағына қиғаш сызықтарды салу техникасын жетілдіру; дөңгелек пішінді түрлі ою элементтерімен безендіруді үйрету, қиял, қолдың ұсақ моторикасын, зейін тұрақтылығын, құбылысты тұтас бейне ретінде қабылдау қабілетін қалыптастыру. Балаларға өздері салған суреттен жақсы әсер алуға, табиғаттағы үйлесімділік пен әсемдікті байқауды үйрету; әдептілікке, ұқыптылыққа, мақсатшылыққа тәрбиелеу.
11	«Аяз атаның қабы»	Балаларға Аяз атаның сопақша немесе дөңгелекке ұқсас қабының суретін салуды үйрету, салынған қаптың сұлбасын сорғыш пен мақта таяқшасы арқылы бояу және безендіруге жаттықтыру. Қаптың сұлбасын өз аясынан шығармай, ашық түсті бояуды сорғышпен жақпалау техникасын жетілдіру; қаптың сұлбасын бормен салып, белгілі элементтер, сызықтар, үзік сызықтар (штрих), дөңгелектермен, толтыру әдістерін меңгерту; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейіннің тұрақтылығын, жағымды эмоцияларды, ой-қиялын дамыту. Балаларды өздері салған сурет үшін қуаныш сезінуге, шыдамды, байқампаз, ұйымшыл болуға тәрбиелеу.
12	«Аққала»	Балаларға тігінен жатқан қағаздың ортасына аққаланың суретін көк қарындашпен салуды үйрету; үлкен және кішкентай дөңгелектерді салуды, бейнені қосымша бөлшектермен толықтыру дағдысын жаттықтыру; үлкен

		және кішкентай дөңгелектерді аққаланың денесі мен басы ретінде қабылдауды үйрету; қыс қызықтары туралы түсініктерін кеңейту, қардың қасиеті жөнінде түсінік беру. Қарындашпен қойған нүктеден шыққан сызықты айналдыра жүргізіп, сол нүктеге қайта жеткізіп, дөңгелек пішінін салу техникасын жетілдіру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді қағаздың тура ортасына салып, заттардың қағаз бетінде орналасуын бағдарлауды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен көру арқылы пішінді қабылдау, зейін мен елестету қабілетін дамыту. Балалардың сурет салу іс-әрекетінің нәтижесіне қызығушылығын дамыту; шығармашылық іс-әрекет барысында қуаныш сезіну қабілеттерін арттыру; жұмысты ұқыпты орындауға тәрбиелеу.
13	«Өсімдіктер»	Балаларға жапырақтардың суретін саусақпен салуды үйретіп, дәстүрден тыс тәсіл арқылы сурет салуға қызығушылықтарын дамыту; ұжымдық жұмысты орындауды үйрету. Балалардың ұғымындағы бөлме өсімдіктері туралы негізгі түсініктерді қалыптастыру; саусақпен басу арқылы жасалған дақтарды түсіру техникасын жаттықтыру; қағаз бетін бағдарлау қабілетін бекіту; қолдың ұсақ моторикасын, пішін мен түсті көзбен көру арқылы қабылдауды, зейін мен қиялды дамыту; сурет салу іс-әрекетінде ұжыммен бірлескен түрде ортақ мақсатқа жетуге ұмтылыстарын қалыптастыру; келісімге келуге, шыдамдылыққа, достыққа тәрбиелеу.
14	«Қуыршаққа тарақ»	Балаларға ұзындығы бірдей тік және көлденең сызықтарды қарындашпен салу білігін бекіту; берілген пішіннің үстінің бүкіл жеріне сызықтарды ырғақты түрде жүргізуге жаттықтырып, тарақтың суретін салуды үйрету; түрлі түсті қарындаштармен сурет салуға қызығушылықты ояту; тарақтың шашатаразға қажеттілігі, тарақты күнделікте өмірде қолдану тәртібімен таныстыру; өзінің үсті-басына мұқият қарауға және үнемі ұқыпты жүруге, бір-біріне өзара көмек көрсетуге, байқампаздық, шыдамдылық, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.
15	«Сағат»	Балаларға қара қарындашпен алдын ала салынған ортадағы шеңбер сұлбасындағы бөлшектердің арасындағы арақашықтықты сақтай отырып, қылқаламмен безендіру білігін қалыптастыру және сағат бейнесін құрастырып салуға ынталандыру; белгілі бір тәртіпті сақтап қылқаламмен дақтар жағып қалдыру техникасын бекіту; көру арқылы бақылау дағдысын қалыптастыру; уақытты бағдарлау білігін, тәулік уақыттарын атау білігін бекіту; қолдың ұсақ моторикасын, зейін тұрақтылығын, ақыл-ой қабілетін дамыту; балаларға суреттің нәтижесін көру білігін және жағымды сезімдер сезінуге, шыдамдылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.
16	«Көктем сыйлаған көйлек»	Балаларды көйлек сұлбасының ортасы мен шеттеріне қарапайым өрнек элементтерінің суретін салуға жаттықтыру; балаларға жіңішке сызықтарды жасыл бормен (гүлдің сабағы), сопақшаларды (гүлшанақ) саусақпен салуды үйрету; өрнек үлгісінің заңдылығын көруді үйрету; саусақпен сурет салу техникасын жаттықтыру; зейінді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; сәндік сурет салуға қызығушылықты қалыптастыру; көктем мезгілінің

		құбылыстарына және мерекелеріне қызығушылықты дамыту, анаға махаббат сезімін қалыптастыру, байқампаздық, төзімділік, ұқыптылық сезімін тәрбиелеу.
17	«Тамшылар»	Жоғарыдан төменге қарай қысқа үзік сызықтарды қылқаламмен ырғақты түрде жағу білігін қалыптастыру; қылқаламды дұрыс ұстау, гуашь бояуын қолдану; көктемде еріген қар тамшылап ағып кететіні туралы түсініктерін кеңейту; сөйлеуді және ұсақ моториканы дамыту; табиғатқа сүйіспеншілікке, мақсаттылыққа, өнімділікке, төзімділікке тәрбиелеу.
18	«Күлімдеген балалар»	Балаларды асфальтта түсті боршалармен адам бетінің пішінін салуға үйрету; дөңгелек көздер мен доғалы ауызды нақтылы салып, адамның жақсы көңіл-күйде болғанын жеткізуге жаттықтыру; өз суретінде кімді салғанын, көңіл-күйін айтуға машықтау; адам мимикасының түрлері, ерекшеліктері туралы ұғымдар қалыптастыру. Түсті боршамен асфальтта сурет салу техникасын дамыту; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен көру арқылы пішін мен түстерді қабылдау, зейін мен елестету қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Балалардың топтастармен ортақ ойын, шығармашылықпен айналысу аясында жағымды эмоцияларға бөлену сезімдерін дамыту; ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.

Топ : «Ақ көгершін», «Бәйшешек» ортаңғы тобы

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлім :Мүсіндеу

№	Тақырып	Міндеті
1	Туған қалам (түрлі-түсті тұзды қамырдан тақырыптық мүсіндеу. )	Қаламызда әртүрлі үйлер мен көшелер, дүкендер, дәріханалар, кинотеатрлар бар екені туралы елестетулерді дамыту; түрлі-түсті ермексаздан заттар жасауды үйрету; мүсіндеу тәсілдерін бекіту; үлгіні елестетуді, қиялдауды дамыту; өз қаласына деген оң көзқарас тудыруға, өз қаласына мақтаныш сезімімен қарауға тәрбиелеу.
2	«Жидегі бар себет»	Есу әдісі арқылы ермексаздың кішкене бөлшектерінен жидектер мен себетін мүсіндеуді үйрену; сөйлеуді, логикалық ойлауды, зейін қоюды, жұмбақ шешуді үйрету; ермексазбен жұмыс кезінде ұқыптылыққа тәрбиелеу.
3	«Алтын балық» (ермексазбен сурет салу)	Балаларға дәстүрлі емес тәсілдер арқылы ермексазбен жұмыс істеуді үйретуді жалғастыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; бұған дейін өткен мүсіндеу тәсілдерін бекіту; тегістеу, кесектен үзіп алу; балықтың құрылысы туралы ұғым қалыптастыру: дене пішіні, желбезектер, қанаттары және тағы басқа.
4	«Әжем пісірген тәттілер»	Балаларды қамыр сияқты мүсіндеу материалымен таныстыру; кесектен бөліктерді үзіп, түрлі нан өнімдерін жасауға үйрету; дөңгелектеу және тік есу мүсіндеу, таяқша ұштарын қосу, жалпайту тәсілдеріне жаттықтыру; нан өнімдері туралы түсініктерді кеңейту. Қамырдан саусақтармен ұзу және жұлу, алақандар арасында дөңгелектеп илеу, тік есу арқылы қолдың ұсақ моторикасын дамыту; пішіндерді қабылдау, жазықтықты және кеңістікті бағдарлау мүмкіндіктерін жетілдіру. Балалардың қамырдан мүсіндеуге деген қызығушылықтарын қалыптастыру, адам еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.
5	Күзгі бақшаларға саяхат. Жемістер мен көгөністер	Балаларға күз мезгіліндегі жеміс пен көгөністер туралы ұғымдар беру, балада сәбіздің көгөніске жататыны және күзде пісетіні туралы білімді қалыптастыру. Дайын ермексаз бөлігін алақанға салып жылытып, илеп, алақанмен үйкелеп, таяқша пішінін, "сәбізді" мүсіндеу техникасын жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдау қабілеттерін, ақыл-ой мен зейінді дамыту. Ермексазбен жұмыс жасауды үйрету, көгөністерге, аңдардың күзгі тіршілігіне қызығушылық ояту.
6	«Пойызбен саяхат»	Балаларда көліктер мен пойыз туралы білімдер қалыптастыру, пойыздың бірнеше вагоннан тұратыны, вагонда бірнеше терезе болытыны туралы түсініктерді тиянақтау. Ермексаздың тұтас бір бөлігін бірнеше бірдей бөліктерге бөліп, алақанда айналдыра илеп, домалақ пішінді мүсіндеу техникасын жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдау қабілетін, көз мөлшерін, ақыл-ой мен зейінді дамыту. Өнімді іс-әрекетке, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
7	«Тостаған»	Балаларда ыдыс-аяқтың бір түрі тостаған туралы ұғымдар қалыптастыру, тостағанның табаны, айналасы, шеттері сияқты бөліктерден тұратыны жайында түсінік беру. Сазбалшықтың тұтас бір бөлігін алақанда айналдыра илеп, домалақ пішін жасатып жаттықтыру; домалақ ортасынан ойық жасап, айналасын созып, тостаған мүсінін жасауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейінді дамыту. Ермексаздан өнімдерді мүсіндеуге деген қызығушылықтарын

		ояту, ересек адаммен бірігіп ойындар ойнағанда өзіне-өзі сенімді болуға тәрбиелеу.
8	«Аққала»	Балаларға аққала туралы түсініктерін тиянақтау, аққаланың дене құрылымы жөнінде білімді жетілдіру; аққаланың қардан жасалған мүсін екеніне көз жеткізу; қысқы ойын-сауықтар түрлерімен таныстыру. Ермексаздың тұтас бір бөлігін тең екіге бөлу техникасына үйрету, алақанда айналдыра илеп, үлкен орташа, екі кішкентай дөңгелек денелерді илеп, бір тұтас аққала бейнесіне айналдыру іскерлігін қалыптастыру; кеңістікті бағдарлау, көз мөлшері қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Балалардың ермексазбен жұмыс істеуге деген құштарлығын қалыптастыру, достыққа, ұйымшылдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.
9	«Түймелер»	Балалардың киімдер туралы білімдерін жетілдіру, киімді түймемен түймелеудің маңызы туралы түсініктер беру; өзіне-өзі қызмет көрсету негіздерін қалыптастыру. Сазбалшықтың тұтас бір бөлігін алақан арасында айналдыра илеп, екі алақан арасына жалпайтып, таяқша арқылы екі бірдей тесік ойып, үлкен және кішкентай түймелер мүсіндерін жасауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ақыл-ой мен зейінді дамыту. Балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету қағидаларына үйрету, ұқыптылыққа, шыдамдылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.
10	«Қонжық»	Көктемнің келгенін білдіретін сурет, қонжық апанда ұйықтап жатыр. Орман ортасында тұрған қонжықтың суреті. Қоңыр түсті ермексаздан жасалған қонжықтың үлгісі. Үлгіні мүсіндеу тәсілдерінің фотосуреттері. Қоңыр түсті ермексаз кесегі, тақтайша, сүлгі. Құстардың дыбыстары жазбасы. Ырғақты, темпі орташа аудиожазбасы.
11	«Шарбақ жанында жатқан доп»	Балаларда ауылдағы адамдардың тіршілік ерекшеліктері жөнінде ұғымдар қалыптастыру, шарбақ туралы түсініктерді тиянақтау, үй жануарлары туралы білімдерді жетілдіру. Ермексазды бірнеше рет екі тең бөлікке бөліп, таяқшаларды есіп, шарбаққа құрастырып, мүсіндеу амалдарын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін дамыту. Балаларды адам еңбегін қастерлеуге үйрету; жасалған мүсінге қуанып, еңбек нәтижесін бағалауға тәрбиелеу.
12	«Кемпірқосақ»	Балалардың көктем құбылыстары туралы түсініктерін тиянақтау, кемпірқосақтың түстерімен қайта таныстыру, түстер гаммасы туралы білімдерді пысықтау. Ермексазды есу техникасын жетілдіру, өзге балалардың мүсінделген таяқшаларының мөлшерімен сәйкестеу біліктерін қалыптастыру; зейінді, көз мөлшерін, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін дамыту. Әр баланы барлығына ортақ етіп жасалған мүсінге қуанып, еңбек нәтижесін бағалауға тәрбиелеу, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
13	«Сұр қоян»	Балаларға бөлшектерді біріктіру арқылы сұр қоянды мүсіндеуге үйрету; мүсіндеу кезінде есу, созу әдістерін пайдалана отырып, ермексазбен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру; сұр қоян туралы білімдерін толықтыру; жұмыс орнында тазалықты сақтауға үйрету.
14	«Жол белгілері: бағдаршам»	Балаларға қара түсті ермексазды есу арқылы, шыққан шұжықтың екі бас жағын басып бағдаршамның негізін жасап, оған үш түрлі дөңгелектерді жапсырып, бағдаршамды мүсіндеуге үйрету; жол жүру ережесі туралы білімдерін ойын арқылы бекіту; диалог түрінде сөйлесуге, сөздерді анық, дұрыс айтуларын жетілдіру; көше тәртібін бұзу қандай апаттық жағдайларға әкелетінін балалардың санасына жеткізу, жол жүру сауаттылығын дамыту; көшеде жүру тәртібін сақтауға тәрбиелеу.
15	«Аққуды»	Балаларға ермексаздан кесекті үзіп, домалату, есу арқылы аққуды

	мүсіндейміз»	мүсіндеуге үйрету; бөлшектерді біріктіру іскерліктерін дамыту; қырнауыштың көмегімен тырнау арқылы аққудың қауырсындарын жасауға, ермексазды бүгу арқылы аққудың мойнын жасауға үйрету; қол ептілігіне жаттықтыру; мүсіндеу арқылы эстетикалық тәрбие беру; табиғатты аялауға, құстарды қорғауға тәрбиелеу.
16	«Ұлттық әшекейлер»	Балаларды қазақтың ұлттық әшекей бұйымдары және зергер мамандығымен таныстыру; тұзды қамырдан сырғаны мүсіндеуге үйрету; мүсіндеудің домалақтау, есу, созу, жалпайту әдістері, пішінге келтіру, түрлі-түсті бояуға тиянақты бояу іскерліктерін жетілдіру; балалардың эстетикалық талғамдарын дамыту; ұлттық әшекей бұйымдарын қастерлеуге тәрбиелеу.
17	«Көбелек»	Балаларға көбелектің дайын сұлбасы бейнеленген қағазға ермексазды жалпайту, домалақтау, жіңішкерту әдістерін пайдаланып жапсыруға үйрету; жәндіктер туралы балалардың білімдерін тиянақтау; сыртқы сипатына қатысты ерекшеліктерін көрсете отырып көбелекті мүсіндегенде қолдың кіші моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; әсемділікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
18	«Көлшіктегі үйректің балапандары»	Балаларды үйректің балапанымен таныстыру, ермексаздан үйректің балапанын мүсіндеуді үйрету; екі бөлшекті біріктіру, тегістеу, шымшып созу, жалпайту әдістерін пайдалануды дамыту; шығармашылық жұмыста саусақ қызметін дұрыс пайдалана білуге тәрбиелеу; «жарғақ» сөздерімен таныстыру.